



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ  
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА  
GUMILYOV EURASIAN  
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2015»  
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

---

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
X Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2015»

---

PROCEEDINGS  
of the X International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2015»

**УДК 001:37.0**  
**ББК72+74.04**  
**Ғ 96**

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0  
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2015

Материал нашего исследования показал, что в большинстве случаев цветообозначения имеют полные или эквивалентные совпадения в языке оригинала и в языке перевода. Вариантные и частичные совпадения имеют почти одинаковую частотность употребления.

В заключение можно отметить, что перевод цветообозначений с русского языка на татарский является достаточно сложной задачей и осуществляется с помощью различного рода переводческих приемов. В большинстве случаев цветообозначения русского языка имеют либо полные, либо вариантыные совпадения с татарскими цветообозначениями.

#### **Список использованных источников:**

1. [http://www.millattashlar.ru/index.php/Зиятдинова\\_Фирая\\_Галиевна](http://www.millattashlar.ru/index.php/Зиятдинова_Фирая_Галиевна)
2. Белякова С. М. Цветовая картина мира И.А. Бунина (на материале романа «Жизнь Арсеньева» и цикла рассказов «Темные аллеи») // И. А. Бунин: Диалог с миром. – Воронеж: Полиграф, 1999. С. 146-151.
3. Василевич А. П. Цветообозначения как проблема терминологии и перевода // Исследование лексики в психолингвистическом эксперименте (на материале цветообозначения в языках разных систем). – М.: Наука, 1987.

УДК 347.78.034

### **ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ПЛЕОНАЗМДАРДЫҢ АУДАРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ**

**Альчембаева Жансая Қапасқызы**

[jansaya.91@mail.ru](mailto:jansaya.91@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Қызырова Ә.М.

Тіл ұшы-қиыры жоқ тұңғық теңіз іспетті, ғасырдан ғасырға тарихты бойлатып, ұлттың өмір сүруінің белгісі ретінде өз бойына ескіні де, жаңаны да сіңіре білген ең қуатты құрал. Жыл алмасып, уақыт өзгерген сайын заманына қарай тілде жаңа сөздер, тілдік құрылымдар, жаңа ұғымдар пайда болып, ескі көзқарастағы түсініктер, көне сөздердің орнын басып отырады. Алайда тіл бір жағынан жаңа атаулармен толықтырылып, байыса, екінші жағынан өндірістік, ғылыми терминдердің кең ауқымды қолданысы шектеліп, олардың негізінде жаңа метафоралардың, фразеологиялық тіркестердің пайда болуына тосқауыл қойылады, кірме сөздердің экспансиясы шарықтайды.

XXI ғасыр, компьютерлік технологиялар ғасыры, жасанды ой-өріс пен сөз бостандығы заманындағы тіл туралы не айтуға болады?

«Тілге жаңғырту қажет екені даусыз. Біздің тіліміздегі шектеулер мен заманға сай еместігі оның тұрмыстан тыс және мектеп бағдарламасынан өзге, алға қарай үлкен қадам жасауға кедергі келтіруде. Әрбір адам туған тілінің аясынан шықпай-ақ, тұлға ретінде, маман ретінде қалыптасуының маңызы зор», – дейді «WikiBilim» қорының басшысы Рауан Кенжеханұлы [1].

Жалпы адаздат тілі қоғам тарихымен тығыз байланысты. Қай халықты алсақ та оның басынан өткен қилы-қилы кезеңдері сол халықтың тіліне ізін қалдырмай тұрмайды. Себебі: сөз тарихы тіл тарихымен, тіл тарихы халық тарихымен, халық тарихы қоғам тарихымен тығыз байланысты. Осы қатынастардың сырын ашу – тілшілер алдында тұрған үлкен міндет. Қазіргі қазақ тіл білімінде тілдік құбылыстардың бір қатары терең зерттелгенімен, зерттеуді одан әрі қажет ететін мәселелер де бар. Соның бірі – плеоназм мәселесі.

Заманауи ерекшеліктерге сай қазіргі өмірдің өзгеріс қарқыны жаңа сөздердің, жаңа ұғымдардың пайда болу үдерісін үздіксіз де жылдам етті. БАҚ өкілдері күнделікті енгізіп отыратын сөз орамдарына, терминдерге, тілді қолдану қағидаларына, олардың қазіргі заман

талаптарына сай қарым-қатынас жасау барысында қаншалықты қолданбалы екендігіне байланысты тіл мамандарының арасында даулы мәселелер жиі туындайды. Осындай даулы мәселелер тізбегінің бір ұшы – тілімізде басы артық сөздерді қолдану, тілдік құбылыс – плеоназмдар болып табылады. Біздің тілімізде дайын сөз орамдарынан басқа да көптеген қателіктер жетіп артылады. Тілімізге сіңісті болып кеткені соншалық, олардың стилистикалық тұрғыдан қателік екенін білетіндер де кемде кем. Өз ойымызды анық, түсінікті, мәнерлі етіп жеткізу үшін еріксіз плеоназм не тавтология көмегіне жүгінеміз. «Орынды айтылған сөз орнына қағылған шеге сияқты» демекші, егер плеоназм немесе тавтология сөз арасында орнымен қолданылса оның еш сөкеттігі жоқ. Алайда өзіндік сонылығымен ерекшеленгісі келген адам, сөзге еркіндік беріп, басы артық сөздер қолдана берудің нәтижесінде білімсіздігін көрсетіп, ұятқа қалуы да әбден мүмкін.

Плеоназм немесе көп сөзділік (грек тілінен *pleonasmós* – артық) – тілде бір-біріне мағынасы жағынан ұқсас сөздерді яғни логикалық тұрғыдан басы артық сөздерді қолдану [2, 168]. Ойдың кейбір элементтерін қайталау; аяқталған ойды білдіретін мәтін бөлігінде бірдей мағына беретін бірнеше тілдік формалардың болуы – сонымен қатар, мұндай қайталанулар орын алатын тілдік сөйлемшелер.

Сөздер адамның алуан сәттік сезімін сипаттайды, таңдану, шаттану, мақтану, сезімін білдіру, еркелеу, қалжындау, әзілдеу, мысқылдау, кемсіту, алдау, жек көру, үрейлендіру, т.б. Плеоназм – бірінғай немесе мағыналық жағынан жақын сөздердің орынсыз қайталануы. Сөздердің мағынасын толықтыруға пайдасы жоқ сөздердің қайталануы. Әдебиеттану ғылымында бір топ синонимді бір сөйлемде, не өлең жолдарында түйдектете тұтас қолдану плеоназм деп аталады. Плеоназмның жиі кездесуі – ойды дәл жеткізуге кедергі келтіреді.

Сөйлеу барысында плеоназмдар көбінесе айтушының салғырттығынан, айтылған сөздің мағынасына терең үңілмеуінен, сондай ақ, өзінің білімділігін, жан-жақты екендігін өзіне таңсық сөздер мен сөз тіркестерін қолдана алатындығын көрсету мақсатынан пайда болады.

Қазіргі қазақ тілінде плеоназмдар жүйесінің қалыптасуы тек заңдылықтарына ғана емес, сол сияқты экстралингвистикалық құбылыстарға да байланысты. Олар қоғамдық өмір мен тілдік қатынастардағы әлеуметтік өзгерістерді де көрсетіп отырады. Тілімізде плеоназмдарды сөзді анықтау, күшейту, нақтылау үшін ғана емес, көркем әдебиет пен фольклор тілінде ойды мәнерлі, бейнелі түрде жеткізу мақсатында стилистикалық тәсіл ретінде де қолданудың мәні зор [3, 509].

Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы мәселелерін сөз еткенде, плеоназм құбылысы ерекше орын алады. Плеоназм немесе плеонастық сөздер дегеніміз бір мағынадағы екі сөздің қатар қолданысы. Ол қатарды не екі тілдің сөздері, не көне-жаңа сөздер, не қызметі бірдей екі морфологиялық тұлға құрайды. Әдетте тіл білімінде плеоназм (ол периссология деп те аталады) құбылысын тілдегі «басы артықтық» деп таниды. Бірақ бұл жердегі «басы артықтық» абсолюттік емес, яғни плеоназм белгілі бір стильдік, не мағыналық қызмет атқарғанда ғана тілде орын алады. Мұндай қызмет атқармаса, тіл нағыз басы артық дүниемені көтермейтіндіктен, плеонастық қатарлар түзілмейді [4, 272].

Мысалы *құдды өзі* деген тіркесте құдды деген парсы сөзі – қазақша өзі деген сөздің тұп-тура баламасы, бірақ екеуі қатар келгенде, «тап өзі, айнымайтын өзі, нағыз өзі» деген сияқты үстеме мағына береді. *Сары уайым* деп жүргеніміздің дұрысы сар-уайым болуы керек, өйткені Сар сөзі парсы тілінде «уайым» дегенді білдіреді. Сонда Сар-уайым «уайым уайым» деген тіркес түрінде пайда болып, жай уайым емес, «қатты уайым, таусылмас уайым» дегендей үстеме мағына алып тұр.

Енді бірқатар плеонастық тіркестердегі екі сөз тек бірін-бірі түсіндіру қызметін атқарып, нағыз басы артықты көрсетеді. Мысалы, *топ зеңбірек* дегенде, екеуі де «түйеге артып алып жүретін кішкене зеңбірек» дегенді білдіретін сөздер болғандықтан, бұл тіркес «топ дегеніміз зеңбірек», «зеңбірек дегеніміз топ» деген сияқты бірін-бірі түсіндіретін қолданыс болып шығады.

Плеоназм стилистикалық құрал ретінде қазақ тілінен басқа да тілдерде көптеп кездеседі.

Соның ішінде, ағылшын тіліндегі әдеби кітаптардан бастап ауызекі сөйлеу тіліне дейін плеоназмдық тіркестерге тұнып тұрғанын байқауға болады.

Ағылшын тілінде плеоназм термині негізінен әдебиетте және ағылшын грамматикасында қолданылады. Ол гректің «*pleon*» - «артық, шамадан тыс» деген сөзінен шыққан. Плеоназмдар оксиморон терминіне, яғни қарсы мағыналы сөздер тіркесіне антоним болып табылады [5, 251].

Ағылшын тіліндегі плеоназмдардың қарапайым мысалдары:

Burning fire – жанып жатқан от; end result – соңғы нәтиже; all together – барлығы бірге; cold ice – суық мұз; climb up – жоғары өрмелеу, жоғары көтерілу; completely blind – көр соқыр; dark night – қараңғы түн; widow woman – жесір әйел; wall mural – қабырға суреті; visible with your own eyes – өз көзімен көру; unsolved mystery – шешілмеген құпия; unmarried old maid – күйеуге шықпаған кәрі қыз; true facts – ақиқат шындық; rice paddy – күріш алқаптары; return back – қайта қайтып келу; repeat again – қайта қайталау; poisonous venoms – қауіпті (улы) улар; past history – өткен тарих; new discovery – жаңа ашылулар; little baby – кішкентай бөбек; hear with one's own ears – өз құлағымен есту; good luck – сәттілік; empty space – бос кеңістік; CNN news network – CNN жаңалықтар желісі.

Ағылшын және қазақ тіліндегі плеоназмдарды салғастыра зерттей отырып, бір тілде кездесетін стилистикалық оралымның екінші тілде де дәл сондай плеоназмдық қатар болып аударылуы немесе екінші тілде де плеоназм болып саналатын тура сондай баламасының болуы, қолданыста кездесетіндігі анықталды. Мысалы:

Completely blind – көр соқыр. «Соқыр» мағынасындағы парсының көр сөзі мен қазақтың осы ұғымдағы соқыр сөзі қатар келіп, көр соқыр болып айтылғанда, соқыр сөзіне «мүлдем көрмейтін, тас қараңғы соқыр» деген қосымша реңк үстеп тұр. Яғни плеоназм белгілі бір стильдік, мағыналық қызмет атқарып тұр.

Jill saw the building burning down *with her own eyes*. Джилл жанып жатқан ғимаратты өз көзімен көрді. Екі тілде де плеоназмдық тіркес оқиғаның маңыздылығын, эмоциялық әсерді күшейту мақсатында қолданылған. Дегенмен, егер мағынасына үңілетін болсақ, бұл нағыз стилистикалық қателік. Біріншіден, адам не нәрсені де көзімен, екіншіден, басқаның емес өзінің көзімен көретіндігі белгілі.

She *herself* had written her autobiography *of her own life* in just two weeks.

Ол өз өмірі туралы автобиографияны небәрі екі аптада жазып тастады. Автобиография – өмірбаян, адамның я автордың өз өмірі жайлы жазған деректемесі [6, 81]. Сондықтан автобиографияны автордың өзі (*herself*) жазатындығы және өз өмірі (*her own life*) туралы баяндайтындығы белгілі болғандықтан, бұл сөйлемде плеоназмдық тізбек басы артық сөз қолдану үлгісі болып тұр.

Life is full of *unexpected surprises*. Өмір күтпеген тосын сыйларға толы. «Сый, сыйлық, сый-сияпат» сөздерінің мағынасы «сыйлау, құрмет көрсету, қадірлеу» дегенді білдіреді. Сыйлық сөзі араб-парсы тілдерінен тараған [7, 18]. «Сый-сияпат» тіркесінің өзі плеоназм жолымен жасалған. Сыйлықты адамдар өздерінің көңілін, ниетін білдіру мақсатында алдын-ала жарияламай, тосыннан жасайды. Сондықтан да «күтпеген тосын сый» тіркесі синонимдік қатар құрап, плеоназмға айналып тұр.

Бүгінгі таңда көркем әдебиетпен қатар, плеоназм мысалдарын құқық саласындағы құжаттардан да кездестіруге болады. Оған екі түрлі себеп бар:

1) Ағылшын заң саласының лексикологиясындағы сөз тіркестерінің құрамы көбінесе ағылшын, француз және латын тілдерінің сөздерінен тұрады.

2) Заңнамалық құжаттарда көп жағдайда бір сөз екіншісін анықтау, толықтыру үшін қолданылады. Мысалы: Null and void – заңды күшін жоғалтқан; will and testament – өсиетнама, өсиетхат; cease and desist – тоқтатылу және тыйылу [8, 97].

Сонымен қатар, плеоназмдар құрамында қысқарған немесе аббревиатуралы сөз тіркестерінде кездеседі. Мысалы:

ATM machine – банкомат (пластикалық карточкамен ақша беретін бағдарламалы банк автоматы) [9, 37]. ATM деген ағылшын тілінде Automatic Teller Machine деген сөздердің

аббревиатурасы болып табылады. ATM machine деген тіркесте machine сөзі екі рет қайталанып, плеоназмдық қатар құрап тұр.

HIV virus – ЖИТС вирусы. HIV аббревиатурасы Human immunodeficiency virus, яғни «Жүре пайда болған иммундық дефицитінің синдромы» дегенді білдіреді. Алдыңғы мысалдағыдай бұл тіркесте де вирус сөзі артық қолданылған.

Сондай-ақ, CNN news network тіркесіндегі CNN – Cable News Network дегенді білдіреді, яғни кабельді жаңалықтар желісі деп аударылады. Көп жағдайда қазақ тілді БАҚ өкілдерінен CNN жаңалықтар желісі деген сөздерді естіп те, көріп те жатамыз. Мысалы, «Ақиқат» деген журналдан мынандай сөйлемді кездестірдік: «АҚШ Мемлекеттік департаменті американдық CNN жаңалықтар желісін Ливиядағы наразылық акцияларының бірінде өлтірілген америкалық елшінің күнделігіндегі жазбаларды пайдаланғаны үшін сынға алды» [10, 31]. Яғни аббревиатура мағынасын жете білмегендіктен берілген тіркестер плеоназмның айқын мысалы болады.

Плеоназмдар стилистикалық еңбектерде, көркем туындыларда, әдеби шығармалар, пьесалар мен өлеңдерде қолданылуы мүмкін. Алайда, шығармаларға ерекше әсерлілік пен мағына беру мақсатында плеоназмдарды орынды қолданбаса, қажетсіз бос сөздердің синонимдік қатары, басы артық сөздердің қолданысы болып кетуі де ғажап емес. Ал мұндай қателіктер автордың сөз қолдану шеберлігінің төмендігіне, оқырманның туындыдан жағымсыз әсер алуына әкеледі.

Көркем туындыда кездесетін плеоназм мысалы: «She wept tears of joy» деген сөйлем қазақ тіліне «Ол қуаныштан жылап жіберді» деп аударылған. Егер сөйлемді сөзбе-сөз аударсақ, ағылшын тілінде «Ол қуаныш жасымен жылады» деген сөйлем болар еді. Ағылшын тіліндегі «wept tears», яғни «жасымен жылады» тіркесі плеоназмдық қатар болады. Себебі, «жылау» деген етістіктің өзі «адам көзінен жас ағу» процесін білдіреді.

Түпнұсқада кездесетін плеоназмды аудармада қайталау қажет емес. Тәжірибелі аудармашылар, не редакторлар түпнұсқа мен аударманы салыстыру барысында сөздің қажетсіз қолданылғанын аңғарып, бірден стилистикалық түзету жасайды. Кейде түпнұсқадағы мақсатты қолданылған қайталауды үстемелеу стильді әрлеу емес, керісінше дұрыс мәтінді бұрмалау.

Жазу өнерінде, аударма шығармашылығында әр сөзді орнымен жүйелі қолдану – аса ұқыпты, жауапты, маңызды жұмыс. Сөздің мәтін ішіндегі қолданылу мәнін, үйлесімділігін анықтаумен бірге, оның басқа сөздермен, сөз тіркесімен байланысын, мағыналық рөлін, мазмұндаудағы құрылымдық жүйесін, эстетикасы мен этикасын біліп қолдану қажет. Аудармашыға бай сөздік қордан бөлек, алуан сипатты, мағынасы дәл сөздік те өзінің елеулі көмегін тигізеді. Сонан кейін тәжірибелі аудармашылардың, тіл мамандарының ақыл-кеңесіне мән берген дұрыс. Белгілі бір саладағы кітаптарды, еңбектерді оқудан бөлек көтерілген мәселеге орай басқа да шығармалармен танысу артық емес. Сөз өнерінің айтулы шеберлерінен, классиктерден үйренер нәрселер мол. Олардың сөз саптау тәсілінен, сөйлем құрау үлгісінен, мәтінді мәнерлі, бейнелі жеткізу шеберлігінен үлкен тағылым алуға болады.

Қазіргі қазақ тілінде плеоназмдар жүйесінің қалыптасуы тек заңдылықтарына ғана емес, сол сияқты экстралингвистикалық құбылыстарға да байланысты. Олар қоғамдық өмір мен тілдік қатынастардағы әлеуметтік өзгерістерді де көрсетіп отырады. Тілімізде плеоназмдарды сөзді анықтау, күшейту, нақтылау үшін ғана емес, көркем әдебиет пен фольклор тілінде ойды мәнерлі, бейнелі түрде жеткізу мақсатында стилистикалық тәсіл ретінде де қолданудың мәні зор.

Жазу өнерінде, аударма шығармашылығында әр сөзді орнымен жүйелі қолдану – аса ұқыпты, жауапты, маңызды жұмыс. Сөздің мәтін ішіндегі қолданылу мәнін, үйлесімділігін анықтаумен бірге, оның басқа сөздермен, сөз тіркесімен байланысын, мағыналық рөлін, мазмұндаудағы құрылымдық жүйесін, эстетикасы мен этикасын біліп қолдану қажет. Аудармашыға бай сөздік қордан бөлек, алуан сипатты, мағынасы дәл сөздік те өзінің елеулі көмегін тигізеді. Сонан кейін тәжірибелі аудармашылардың, тіл мамандарының ақыл-кеңесіне мән берген дұрыс. Белгілі бір саладағы кітаптарды, еңбектерді оқудан бөлек



көтерілген мәселеге орай басқа да шығармалармен танысу артық емес. Сөз өнерінің айтулы шеберлерінен, классиктерден үйренер нәрселер мол. Олардың сөз саптау тәсілінен, сөйлем құрау үлгісінен, мәтінді мәнерлі, бейнелі жеткізу шеберлігінен үлкен тағылым алуға болады.

Қазақ лексикологиясы қай жағынан болсын нәтижелі еңбек пен атқарылған іс-шаралар нәтижесінде едәуір биікке көтерілді деуге болады. Дегенмен, басы ашылмаған, сараланбай, жүйеге түспей жатқан дүниелер әлі де көп. Көркем прозада, поэзияда, сонымен қатар, ауызекі сөйлеу тілінде де қайталау жиі кездеседі. Белгілі бір сөздердің бір сөйлемде, не абзацта жиі қайталануы бұл ақын-жазушының ойды күшейту немесе бір нәрсеге, жағдайға оқырман назарын аударту ұғымында жұмсалады. Қайталау яғни плеоназм – стильдік тәсіл. Дегенмен, плеоназмдарды қолдану дұрыс па, бұрыс па – бұл әркімнің өз таңдауы.

#### **Қолданылған әдебиет**

1. BAQ.kz ақпараттық порталы. URL: / <http://baq.kz/kk/news/20986>
2. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.
3. Белбаева М. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. / М.Белбаева. – Алматы: Мектеп, 1976. – 264 б.
4. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді (сөздердің қолданылуы тарихынан), 2-басылым. – Алматы: Санат, 1994. – 312 б.
5. Jeffries L., McIntyre D. Stylistics. – Cambridge University Press, 2010.– 561 p.
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - Алматы: Ғылым, 1985. – 465 б.
7. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - Алматы: Ғылым, 1985. – 465 б.
8. Ағылшынша-орысша-қазақша заң терминдерінің сөздігі. – Алматы, 2006. – 106 б.
9. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1996. – 455б.
10. АҚШ Мемлекеттік департаменті CNN-ді сынға алды // Ақиқат. – 2012. – 24 қыркүйек.

УДК 347.78.034

#### **МИФОЛОГИЯНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНА ҚЫСҚАША ШОЛУ**

**Аманбекова Еркежан Аманбекқызы**

[erke93a@mail.ru](mailto:erke93a@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – С.К. Сәтенова

Миф адам баласының табиғат пен жаратылыс жайындағы көне замандағы ізденістерінің, пайымдауларының жемісі. Әлемдегі бүкіл халықтардың ұрпақтан ұрпаққа ауызша тарап кеткен аңыз-әңгімелері, ертегілері мен мифтері бар. Қоғамда жазудың пайда болуы көптеген ғылымдардың туындауына әкелгені сияқты біртіндеп сол мифтерді зерттеу саласының, яғни мифологияның негізі қаланды.

Миф ұзақ жылдар бойы түрлі қызу пікірталастар туғызып жүрген ғылыми мәселердің бірі. Осы тақырып бойынша жалпы зерттеулерден бастап, нақты мәселелерге арналған ғылыми әдебиеттер жетіп артылады. XIX-XX ғасырлардағы философтардың, лингвистердің және жекелеген ғалымдардың терең зерттеулері мен еңбектеріне қарамастан, миф ғылым үшін көп жағдайда жұмбақ болып отыр.

Мифология саласындағы алғашқы зерттеулер Ежелгі Грекияда басталған. Грек философтарының көне грек мифтерін түсіндіре бастаған кезінде, ешкім де бұл аңыздарды шынайы оқиғаға негізделген деп қарастырмайтын. Сондықтан грек философтары мифтерді